

2020 жылғы «Қазына Капитал Менеджмент» АҚ қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау объектісінің атауы:
«Қазына Капитал Менеджмент» АҚ (бұдан әрі – Қоғам).

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу негізі:
«Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы»
Қоғам Басқармасы төрағасының міндетін атқарушының 2021 жылғы 15 сәуірдегі № 5 бұйрығы.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кезені:
2020 жыл.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

- 1) Қоғамның қызметіне қатысты ішкі нормативтік құжаттарда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
- 2) Қоғамның ұйымдық-басқару қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

2021 жылғы 15 сәуір мен 14 мамыр аралығында жұмыс тобы Қоғам қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізді, оның нәтижелері осы анықтамада көрсетілген.

Қоғам қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу қорытындылары бойынша сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін өкілеттіктер мен ережелер анықталған жоқ. Тәуекелдерді басқару жүйесі, оның ішінде алаяқтық және/немесе сыбайлас жемқорлық көріністерінің тәуекелдерін басқару саласында жұмыс істейді, персонал мен үшінші тұлғалар тарапынан алаяқтық және/немесе сыбайлас жемқорлық көріністерінің тәуекелі анықталған жоқ.